



## ҮЛЕСІМІЗ МОЛ БОЛУҒА ТИІС

ҒЫЛЫМ, БІЛІМ ЖӘНЕ ӨНДІРІС ИНТЕГРАЦИЯСЫ  
АРҚЫЛЫ АГРОӨНЕРКӘСІПТІ ДАМУ ТУ МАҢЫЗДЫ

Тілектес ЕСБОЛОВ,  
Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ректоры,  
ҚР ҰҒА вице-президенті, академик

Елбасы Н.Ә. Назарбаев кешенді стратегиялық бағдарламалар қабылдап, индустриалды-инновациялық технологияларды отандық өндірісте кеңінен пайдаланып, Тәуелсіз еліміздің жаңа бағыттағы қуатты экономикасын қалыптастыру, халқымыздың әл-ауқатын көтеру міндеттерін белгіледі. Осы межеге жетуде ұтымды нарықтық қатынастар үдерісі күшейген, қазіргі ақпараттық-технологиялық дәуірде терең білімді игерген, ғылымды жетілдірген, экономикасын заманға сай жүйелеп, әлемдік деңгейде өз орнын айқындап, ұлттық келбетін сақтаған мемлекеттердің тәжірибесін басшылыққа алу керектігі күмәнсіз. Сонымен қатар кейінгі кезде жиі қайталана берген әлемдік экономикалық дағдарыстар мен қоғамдық толқулар, тіпті кейбір алпауыт мемлекеттердің іргесін босаңсытып жібергені ескерілуі керек. Ғаламдық ауқымдағы түйінді проблемалар экономикалық дамуды үнемі жетілдіріп отырудың қаншалықты маңызды екендігін дәлелдей түсуде.

Қазір заман, қоғам басқа. Әлемде жаһандану үрдісі қарқын ала бастады. Адамзат алдында қордаланып тұрған өзекті мәселелерді шешу жаңа қадамдар мен механизмдерді



қажет етуде. Қазақстан Елбасының көрегендік саясатының арқасында экономиканы дамытудың өзіндік моделін жасауда. Осы арқылы әлемдік өзгерістер әкеліп

отырған көптеген кедергілер мен тосқауылдарды еңсеріп келеміз. Қазір ел болашағын қамтамасыз ете алатын маңызды бағдарламалар жүзеге асырылуда.

**Х**алқымыз Президенттің «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауын зор ықыласпен қабыл алды. Жолдауда ғаламдық экономиканың даму ерекшеліктері бағамдалды. Елбасы XXI ғасырдың жанандық жеті сын-қатерін белгілеу арқылы ел экономикасын дамытудың жаңа бағытын анықтады. Оларды шешудегі ғылым мен білімнің міндетін белгілеп берді. Әлемдегі дамыған елдердің ірі университеттері білімді, ғылымды, бизнес-ортаны ұштастыруда басты рөл атқарады. Осындай жоғары оқу орындар ғана зерттеу университеті мәртебесіне ие бола алады. Әлемдік тәжірибе дәлелдегендей, дамыған елдерде халықтың білім алу сапасы мен білім мен ғылым ұштасуы инновациялық жетістіктерді пайдалану деңгейімен айқындалады.

**Ғаламдық бәсекеге қабілеттілік индексі (ФБИ) бойынша осындай мемлекеттер интеллектуалды білім деңгейі мен инновациялық даму көрсеткіштерінің жоғарылығымен ерекшеленеді. 2013 жылы ФБИ көрсеткіші бойынша Қазақстан 51-орынға, білім беру саласы бойынша 58-орынға көтерілді. Инновациялық даму саласының индексі бойынша еліміз былтыр 103-орында тұрса, биыл 79-орынға көтерілді.**

Бұл көрсеткіш ел экономикасының даму қарқынын да көрсетеді.

Бүгінгі таңда ел экономикасының басты салаларының бірі – агроөнеркәсіп кешенін дамытуға ерекше назар аударылып отыр. Біріншіден, бұл сала азық-түлікке деген ішкі сұраныстың 80% отандық өнімдермен қамтамасыз етуге тиісті, екіншіден, экспортқа шығаратын ауылшаруашылық өнімдер көлемін ұлғайту талабы қойылған. Оған әлемдегі азық-түлікке деген сұраныстың жылдан-жылға өсуі негіз болып отыр. Осы күні әлем халықтарын алаңдатып отырған өзекті мәселенің бірі – азық-түлік қауіпсіздігі. Халықаралық азық-түлік және ауылшаруашылық ұйымының ақпараты бойынша, бүгінде дүниежүзінде 840 млн –



1 млрд халық бар, яғни әлемдегі әр жетінші адам азық-түлікпен толық қамтамасыз етілмей, кедейлік шебінде аштықтың зардабын тартып отыр. ФАО-ның нақты деректеріне сүйенсек, әлем бойынша өндірілген азық-түліктің 30–40 пайызы өнім сапасының төмендігінен, стандарттарға лайықсыздығынан нарыққа жетпей отыр. Ғылыми-зерттеу нәтижелеріне сүйенсек, 2050 жылы дүниежүзіндегі халық саны 9 миллиардқа жетеді, демек, азық-түлік өнімін 70 пайызға арттыру қажет.

**Жер көлемі бойынша, әлемде тоғызыншы орында тұрған Қазақстан ауылшаруашылық өнімдерін еселеп өндіре алады, оған әлеуеті жеткілікті.**

Ол үшін ауылшаруашылығында өндірісті жедел индустриалды-инновациялық технологияға ауыстыру қажет. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, жалпы ішкі өнімнің өсуінің 90 пайызы инновациялық технологияны игеру арқылы жүзеге асады. Ол өндірістің бәсекеге қабілеттілігіне байланысты.

Ауылшаруашылығын жедел индустриалды-инновациялық жолмен дамытуда осы салада қалыптасқан жағдайлар ескерілуі керек. Қазақстанда барлық ауылшаруашылығымен айналысатын агроқұрылымның 96 пайызы шаруа қожалықтарынан тұрады, оның 41 пайызының егістік жерлері 10 гектардан аспайды. Ұсақ шаруа

қожалықтарында инновациялық технологияларды игеру мүмкіншіліктері шектеулі, өндіріс тиімділігі төмен, біразы алған несиелерін қайтара алмай отыр.

Ауылшаруашылық саласын дамытуға үкімет тарапынан қолдау білдірілуде. Ауылшаруашылық Министрлігі дайындаған «Агро-бизнес–2020» бағдарламаласы ауылшаруашылық тауарларын өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін арттыруына мүмкіндік жасап отыр. Бағдарламаның негізгі мақсаттарына қол жеткізу үшін төрт бағыт бойынша жұмыстар жүргізілуде.

*Біріншісі* – қаржылық сауықтыру. Ол борыштарын өтеу үшін ауылшаруашылық тауар өндірушілерін қаржыландыру арқылы жүзеге асырылады. Нақтылап айтсақ, несиенің қайтару мерзімін ұзартып, жеңілдетіліп берілетін несие көлемін ұлғайту. Мысалы, «ҚазАгроҚаржы» компаниясы тауар өндірушілерге лизингке техника алуға жеңілдік беріп отыр. Лизингке алынатын техниканың жалпы пайызы орта есеппен 12,8 болған жағдайда 7,0 пайызын мемлекет субсидия ретінде береді, тек 5,8 пайызын фермер төлейді. Жыл сайын ауылшаруашылық саласына сатып алынатын 5,0 мыңнан астам техниканың 60 пайызы осы «ҚазАгроҚаржы» компаниясының үлесінде. Тағы бір айта кететін мәселе – инвестициялық жобалар үшін талап етілетін құжаттар айналымы 19-дан 13-ке дейін қысқарды.



*Екіншісі* – агроөнеркәсіптік кешен субъектілері үшін тауарлардың қолжетімділігін жоғарылату. Бұл ретте агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне кеңес, білім беру, қаржылық көмек көрсету, жұмыс, тауарлардың экономикалық қолжетімділігін жоғарылату бойынша мемлекеттік қолдау механизмдерін жетілдіру міндеті қойылып отыр.

Үшіншіден, агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін мемлекет тарапынан қамтамасыз ету жүйелерін дамыту үшін фитосанитарлық және ветеринарлық қауіпсіздік жүйесін дамыту, сумен қамтамасыз ету инфрақұрылымын жетілдіру міндеттерін шешу жоспарлануда. Шаралар фитосанитарлық және ветеринарлық зертханалар құрып, жабдықтауға, фито және ветеринарлық қауіпсіздіктің диагностикасы мен мониторингі, жануарларды таңбалау, аурулардың таралу қаупін төмендету, сондай-ақ шалғайдағы малшаруашылығы үшін жайылымдарды суландыруға бағытталмақ.

*Төртіншісі* – агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік реттеу жүйесінің тиімділігін арттыру. Осындай игі жобалар ауылда бизнестің дамуына, салаға инвестицияның келуіне, бөлініп жатқан қаржының тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді деп күтілуде.

Осы бағдарлама негізінде ауылшаруашылығын дамыту мақсатында 2013–2020 жылдар аралығына мемлекет тарапынан 3122,2 млрд теңге бөлінбек. Бұл ретте отандық аграрлық білім мен

ғылым саласы мамандарына үлкен жауапкершілік жүктелеледі. Ғылым, білім және өндірісті нақты интеграциялау мақсатында университет жанынан «Агродаму» аграрлық ғылыми-өндірістік консорциумы құрылып, ауылшаруашылық саласында тиімді жобаларды жүзеге асырып отыр.

**Бүгінгі таңда елімізде зерттеу университеттерінің құқықтық базасы жасалынған. Сонымен қатар елдегі жағдайды ескере отырып, әлемдік тәжірибеге сүйену арқылы зерттеу университеттерінің қазақстандық моделін жасау қажеттігі туып отыр. Қазақ Ұлттық аграрлық университеті 2010 жылдан бастап әлемдік деңгейдегі зерттеу университетіне трансформациялану бағытында өзінің нақты стратегиялық бағдарламасы мен іс-жоспарын айқындады.**

Алдымыздағы стратегиялық міндет – Қазақстан шикізат өндіруші ғана емес, сонымен қатар ауылшаруашылығында өңделген қосымша құны жоғары тауарларды экспорттаушы ел ретінде бәсекеге қабілетті мемлекет болуын қамтамасыз ету. Осы орайда университет ауылшаруашылық білімі және өндірісі инновацияларының ұйытқысы ретінде тың бастамаларға көшбасшы болып келеді. Бүгінде университет әлемнің жүзден аса ірі оқу

орнымен, ғылыми орталықтарымен тұрақты байланыс орнатқан. Бұл шаралар университеттің 2020 жылға дейінгі даму стратегиясын жүзеге асыру аясында атқарылып отыр.

Еліміздің аграрлық саласына инновациялық технологияларды кеңінен өндірісте қолдана білетін білікті, білімді мамандар даярлау ісін жаңаша бағытқа бұрып, Қазақстанда ауылшаруашылық тауар өндірушілерге білім тарту орталықтарының моделін қалыптастырып келеміз. Осыған орай озық тәжірибелерді негізге ала отырып, университет құрылымын, басқару, оқу-өндірістік, профессор-оқытушылар құрамына қойылатын талаптарды күшейтіп, ішкі-сыртқы интеграцияны дамытып, зерттеушілік бағытты тереңдету арқылы трансформациялану үдерісінде жүйелі түрде жан-жақты жұмыстар атқарып келеміз.

**Университет әлемнің 800 ірі жоғары оқу орны санатына ену үшін профессор-оқытушылар құрамының сапасын арттыруға байланысты бағытында рейтинг жүйесін іске қосты.**

Жаңа рейтинг жүйесі университеттің инновациялық бағытта дамуына және білім беру сапасын арттыруға бағытталған. Индикативтік жоспар нәтижесіне байланысты университет бойынша қорытынды шығарылады. Ең жоғары ұпай жинаған оқытушы жалақысына үстеме ақы алады. Төмен ұпай жинаған оқытушыларға бір жылға ескерту жасалып, кәсібилігін жоғарылатуға қатысты талаптар жүктеледі.

Биылғы оқу жылы университетте проректорлары, декандар, институт директорлары индикативтік көрсеткіштер белгіленген жоспарлары бойынша келісімшарттарға қол қойды. Барлық декан факультеттерінде кафедра меңгерушілерімен осындай индикативтік көрсеткіштер белгіленген жоспарлар бойынша келісімшарттарға отырады. Ал әрбір кафедра меңгерушісі штаттағы оқытушыларымен келісімшарт жасайды. Жыл аяғында негізгі көрсеткіштер бойынша рейтинг қорытындысы шығарылады. Жоғары нәтижеге жету үшін ғалымдарымыз халықаралық,

республикалық ғылыми жобалар ұсынып, жоғары импакт-фактор журналдарында ғылыми зерттеулерінің нәтижелерін жариялайды, ғалымдарымыздың еңбектеріне сілтеме жасау көрсеткіштерін жақсарту бағытында нәтижелі жұмыстар жүргізуде.

Трансформациялау аясында оқу-тәжірибелік, өндірістік-техникалық кешенді жаңғыртудың ауқымды бағдарламасының тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін үдерістерді басқарудың қазіргі заманғы құралдары мен тиімді әдістерін енгізуге кірістік. Қазақстанның әрбір аймағының ерекшеліктеріне мамандандырылған ауылшаруашылық саласына байланысты ғалымдарымыз тауар өндірушілерге ғылыми тұрғыдан көмек көрсетеді. Мысалы, Қызылорда облысында күріш дақылдарын, Оңтүстік Қазақстан облысында мақта және майлы дақылдарды, көкөніс, бақша, жүзім, Орталық және Солтүстік Қазақстанда астық, Батыс Қазақстанда балық, Шығыс Қазақстанда майлы дақылдар, барлық аймақтардағы малшаруашылықтарын дамытуға университет ғалымдары тауар өндірушілерге консалтингтік көмек көрсетіп келеді. Өйткені еліміздің аймақтарындағы көптеген фермерлер мен тауар өндірушілердің кәсіби біліктері төмен, аграрлық сала бойынша тиісті білімдері жоқ. Сондықтан мамандарымыздың көмегі, ғылыми кеңестері оларға өте маңызды. Бұл шаралар АҚШ пен

Еуропа ғалымдарымен бірлесе отырып инновациялық жаңалықтарды, заманауи агротехнологияларды аймақтағы ауылшаруашылық саласына енгізуді жетілдіру мақсатында университеттегі «Экстеншн», «Жоғары фермерлер мектебі» арқылы іске асуда. Осы мақсатта ғалымдарымыз шетелдік озық тәжірибені кеңінен қолдануда.

**Бүгінгі таңда университеттің басым бағыттары:**  
 бейматериалдық активтерді дамыту; аграрлық ғылым-өндірістік консорциумдағы белсенді ықпалдастық; халықаралық ғылым-білім кеңістігіне ену; білім-ғылым инфрақұрылымын дамыту; білім алушылар контингентін қалыптастыру.

Бұған қоса оқу ордамыздың зерттеу университетіне трансформациялануының жеті қадамын бекіттік. Олар: магистратура жүктемесін қайта қарау; «АгроДаму» консорциумының құрылымын жетілдіру; фермерлер мектебін Жоғары агробизнес мектебіне трансформациялау; жобаны басқарудың корпоративтік жүйесін енгізу; басқару шешімдерін қолдаудың ақпараттық жүйесін енгізу; негізгі бизнес үрдістерін басқаруды оңтайландыру; кафедра оқытушыларының резервін қалыптастыру.

Зерттеу университетіне көшу ұстанымдарына сәйкес магистрант-

тар мен докторанттарды дайындау сапасына ерекше көңіл бөлініп отыр. Қазіргі кезде оқу орнымызда алты мыңға жуық жастың бір мыңан астамы – магистранттар мен докторанттар. Стратегиялық жоспарымыз бойынша, бакалавриатта оқитындар саны жыл сайын қысқарып, есесіне магистранттар мен докторанттар саны көбеюі тиіс. 2018–2019 жылдары магистранттар мен докторанттар саны барлық оқитындардың 35 пайызын құрауы тиіс.

**Қазіргі кезде ауылшаруашылығын заманауи талаптарға сай дамытудың тетіктерін жетілдіру қажет болып отыр. Осыған байланысты университетімізде атқарылып жатқан жұмыстардың жүйесі мен ауқымы кеңейе түсті. Қазірдің өзінде «инновациялық қызметке бағытталған жоғары оқу орны» деген статусымыз бар.**

Бұл – ғылым-білімді дамытуда жеткен жетістігіміздің белгісі. Жаһандану үрдісі етек жайған сайын экономиканы тиімді үйлестіру мәселесі күрделене түсетіні белгілі. Әлемдік дағдарыс салқыны әр саланы әлсірете түсуде. Осыған байланысты Қазақстанда ауылшаруашылығын заман талабына сай дамытудың алғышарттары белгіленуде. Бұл бағыттарда негізгі басымдықтың бірі ретінде агроөнеркәсіп кешені мен ауылшаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуді дамыту көзделіп отыр. Ғылым мен өндірісті ұштастыра отырып, Қазақстанның ауылшаруашылық өнімдерін экспорттаушы жетекші елдер қатарына қосылуын мақсат етеміз. Осыған байланысты аграрлық саладағы ғалымдардың жүктелер міндет көп.

Соңғы жылдары еліміздің экономикалық дамуды жаңа кезеңіне аяқ басты. Әлемдегі қалыптасқан басты үрдіс – жаһандану. Қазақстан Кедендік одаққа мүше болды. Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру де межеленген. Қазақстанның алдындағы тағы бір меже – ЕХРО–2017 көрмесін абыроймен өткізу. Бұл шаралар мемлекетіміздің әлемдік қауымдастық алдында экономикалық әлеуеті мен мүмкіндіктерін көрсетіп қана қоймай, тың инновациялық



бастамаларға жол ашады. Аталған ауқымды көрмеде ауылшаруашылық секторының қосар үлесі де қомақты болады деп ойлаймын. Елімізде ғаламдық маңызы бар шаралар алғаш өткізгелі отырған жоқ. Ірі жобаларды жүзеге асыруда тәжірибеміз де жетерлік. Мұндай әлемдік көрменің өткізілуі – Қазақстанның беделі өскенінің тағы бір дәлелі. Мемлекет басшысы бұл мәселеге тікелей назар аударып, нақты міндеттер жүктеп отыр. Аграрлық сала мамандары да бұл көрмеде біршама ғылыми жетістіктерін ұсына алады.

**Өйткені мемлекетіміздің аграрлық әлеуеті өте зор. Сол себепті әлемнің экономикалық даму көшінен қалмауымыз керек. Ол үшін басқа елдермен қарым-қатынасты күшейте түсу қажет. Жан-жақты байланыс ел экономикасының бәсекелестік қабілетіне үлкен талаптар жүктейді.**

Дегенмен еліміздің ауылшаруашылығында қордаланған, шешілмеген мәселелер әлі де жетерлік. Осы орайда Елбасы ұсақ кәсіпорындар мен жеке кәсіпкерлерді орта деңгейге көшіру үшін жағдай жасап, ірілендірудің алғышарттарын қалыптастыру талабын қойып отыр. Осы талаптарды орындаудың басты жолы – ұсақ шаруаларды кооперацияға біріктіріп, кластерлік бағыттарды дамыту. Аграрлық секторды жаңғыртып, алдыңғы қатарлы озат агротехникалық шараларды өндірісте тиімді қолдану үшін ірі тауарлы кәсіпорындар қажет. Қазіргі кезде Қазақстанда кооператив құрамына кірген шаруа қожалықтарының үлесі 1,5 пайыздан аспайды. Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымының мәліметтері бойынша дамыған елдерде бұл көрсеткіш өте жоғары. Мысалы, АҚШ-та – 100%, Францияда – 100%, Испанияда – 120%, Нидерландыда – 140% және т.б.

Ауылшаруашылық кооперациясының экономикалық тұрғыдан тиімділігін шетел тәжірибесі де көрсетіп отыр. Дүниежүзінде кооператив қозғалысы ауылшаруашылық өндірісінің 100%-



ын, тамақ өндіру өнеркәсібінің 45–50%-ын қамтиды. Еуропа елдерінде ауылшаруашылық кооперативтер азық-түлік өнімдерінің 60%-на дейін өндіреді. АҚШ-та кооперативтер ауылшаруашылық өнімінің 30% нарыққа шығарады (72% сүт өнімі, 53% қант, 30% мақта, 25% жеміс-жидек). Жапонияда ауылшаруашылық кооперативі өндірген өнімнің 90% өңделіп, нарыққа сатылады, олар фермерлерге ауылшаруашылығына керекті техниканы, қондырғылардың 80%-ын қамтамасыз етіп отырады. Шетелдік тәжірибе көрсеткеніндей, кооперация агроөндірістік кешенінде зор рөл атқаратынын айта кету керек, ауылдық жерде тұратын халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға, ауылшаруашылық жерлерін тиімді пайдаланып, құнарлығын сақтауға, адам капиталын жоғарылатуға азық-түлік қауіпсіздігін сақтауға ерекше ықпал етеді. Осы бағытта ғалымдарымыз кооператив түрлері мен формаларын негіздеуге, оның жұмысы мен кірісін құрылтайшылар арасында әділ бөлуді реттейтін заң құжаттарын дайындауға, кооперативтің тиімді жұмысына қажетті инновациялық технологияларды әзірлеп, оны өндіріске енгізіп келеді.

**Қазақстанның ауылшаруашылық бағыттағы жерлерінің көлемі өте ауқымды, табиғи ресурстары да мол.**

Дегенмен бүгінгі таңда 180 млн гек-

тар жайылымның 40 млн гектары жарамсыз болып отыр. Мамандардың айтуынша, осыдан 20 жыл бұрын елімізде 55 мыңдай құдық болған. Бірақ қаржылық дағдарыс кезінде көбінің жұмысы тоқтап қалған. «Агробизнес–2020» бағдарламасы аясында 2020 жылға дейін 8 миллион гектар жайылым айналымға ендіріліп, 4 мың құдық қазу ісі қолға алынды. Бұған қоса мал және егін шаруашылығын дамыту үшін жайылымдық, шабындық және егістік жерлеріміздің көлемін ұлғайтуға ерекше мән беріліп, ғылыми тұрғыда негізделуде. Мұндағы ең басты мәселе – сол жерлерді суландырып, құнарын арттыру, пайдалануға қолайлы жағдай жасау. Еліміздің әр аймақтағы климат ерекшеліктері мен географиялық жағдайына байланысты ондағы табиғи су көздері мен қорлары әрқилы. Сондықтан да жерасты және жерүсті суларын тиімді пайдаланып, шаруашылықтардың жұмысын жандандыруға нақты ғылыми ұсыныстар берілуде.

Өйткені бүгінгідей жаһандану үрдісі қарқын алған заманда инновациялық ғылым-білімге деген сұраныс артып келеді. Жаңа заман әр салада жаңашыл ізденістерді талап етуде. Мысалы, ауылшаруашылық саласындағы ескі тәсілдердің орнын баса бастаған нанотехнологияның өзі бүгінде күнделікті тұрмысымызға енуде. Елімізде қабылданған индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы ғылыми-техникалық серпіліске жол аша бастады. Өндірісте жаңа технологияларды игеру – бүгінгі

күннің басты талабы. Қазақстанның аграрлық саласының сыртқа өнім шығару мүмкіндігі мол. Өндіріс пен ғылымды байланыстыру мәселесінде де әлеуетіміз баршылық. Экспортты күшейту үшін бұл мүмкіндікті жіберіп алмауымыз қажет. Осы орайда

**ғылым, білім, өндіріс интеграциялап, ел экономикасын инновациялық бағытта өркендету басты ұстаным болуы тиіс.**

Бүгінде университетімізде жобалық басқарудың халықаралық стандарты мен жоғары білімді ұйымдастырудағы нақты стратегиямызды, миссиямызды, көзқарасымызды, міндеттерімізді анықтадық. Университет жанындағы Қазақстан-Жапон инновациялық орталығында, университетіміздің 6 ғылыми-зерттеу институты мен 31 зертханасында шетел ғалымдарымен бірлескен ғылыми жобалар жүзеге асырылуда.

Қазақстан-Жапон инновация орталығының ғалымдары өткен жылдың өзінде Білім және ғылым министрлігі қаржыландыратын екі гранттық жоба бойынша зерттеу жұмыстарымен айналысты. Атап айтқанда, қаржы көлемі 4,0 млн теңге құрайтын «Қазақстанның түрлі климаттық және экологиялық аймақтарындағы бал арасы тіршілік өнімдерінің атомды-кристалдық құрылымы, морфологиясы және физико-химиялық қасиеттері» жобасы мен 10 млн теңге құрайтын «Биосенсорлы жартылай өткізгіштерді өндіру және олардың негізінде адам альбуминінің конформациялық өзгерістерін зерттеу» атты жоба. Орталық ғалымдары биылғы жылдың өзінде халықаралық импакт-факторлы баспаларда бес мақаласы жарық көрді. Қазіргі уақытта орталық қызметкерлері Жапонияның Kwansei Gakuin университетінің профессоры Хидетоши Сатоның зертханасымен бірлесе қан сарысуына спектрометриялық зерттеулер жүргізіп келеді. Ф.Д.Овчаренко атындағы биокolloидты химия институтымен бірлесіп, металл-микроэлементтердің пробионт-бактерияларға әсері бойынша зерттеулер жүргізілуде. Осы орталықты бүгінгі күні ауылшаруашылық

өнімдері және азық түлік сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ететін Ұлттық орталыққа айналдыру алғышарттары жасалында.

Бұған қоса ауылшаруашылық саласында ықпалдасу мақсатында құрылған Қазақ-корея инновациялық орталығында «Жасыл технологияларды» дамыту мәселелері зерттелуде, Қазақстан-Литва орталығында аграрлық білім бағыты бойынша ақпарат алмасып, тәжірибе бөлісу шаралары қолға алынып келеді.

Жыл сайын академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында университетіміздің 300-ден астам студенті мен магистранттары, докторанттары шетелдің озық оқу орындарында білімдерін жетілдіріп, тәжірибе жинақтап қайтты. Сондай-ақ әлемнің беделді университеттерінің білікті 100-ден астам ғалымы университетімізде дәріс оқиды.

**Алға қойған мақсаттарымыз бәсекеге қабілетті адам капиталды нығайтуға негізделген. Осыған байланысты білім жүйесін халықаралық тәжірибемен үйлестіру мақсатында елімізде заман талабына сай оқу орындары мен басқарудың жаңа модельдері қалыптасып келеді.**

Оған Назарбаев университеті секілді экономика саласындағы, ауылшаруашылығындағы әлемдік деңгейдегі ғылым-білім кластерлерін жатқызуға болады. Өңірлер өз

кезегінде жоғары оқу орындарының өңірлік экономика мен онымен өзара жұмыс жасауға бағытталу үшін еңбек нарығы мен өндіріс орындарының сұраныстарына жасалған сараптамамен қамтамасыз етуі тиіс.

Бұл бағытта бірқатар оң нәтижелерге қол жеткіздік. Атап айтар болсақ, алдыңғы қатарлы «КазАгро» Ұлттық Холдингі кіретін «АгроДаму» аграрлық ғылыми-өндірістік консорциумы, ірі трансұлттық компаниялар, ауылшаруашылық өнімдерін өндірушілер арқылы (барлығы 400 қатысушы) еліміздің экономикасы талап ететін мамандарды тәжірибелік дайындықтан өткізіп келеміз.

2008 жылы университетте 10 ғана зертханасы жұмыс істесе, қазір олардың саны 31-ге жетіп отыр. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын қаржыландыру 2008 жылы 110 млн теңге құраса, 2013 жылдың зерттеу жобаларын 420 миллиондық айналыммен аяқтадық. Алдағы 2015–2017 жылдарға арналған ғылыми зерттеулерді бағдарламалық-мақсаттық және гранттық қаржыландыру конкурсына университет бойынша 108 жоба ұсынылды. Оның ішінде 36 жоба табиғи ресурстарды тиімді пайдалану, шикізат пен өнімді қайта өңдеу, 16 жоба энергетика, машина жасау, 3 жоба ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар, 45 жоба өмір туралы ғылым, 8 жоба елдің зияткерлік әлеуетін зерттеуге арналған. Бұл ретте университеттің профессор-оқытушылар құрамының 80 пайызы ғылыми-зерттеу жобаларын дайын-



дап, ұсынып отыр.

Қазіргі кезде еліміздің барлық аймағында Үдемелі индустриялық-инновациялық дамытудың мемлекеттік бағдарламасы бойынша 95 инвестициялық жобаға қатысып отыр. Ғалымдар ауылшаруашылық кәсіпорындары және шаруа қожалықтарымен тығыз байланыста жұмыс атқарып келеді. Оның бірі – «Байсерке Агро» негізінде құрылған оқу-ғылыми-өндіріс орталығы. Ол түрлі ауылшаруашылық өнімдерін өндірумен қатар оларды өңдеумен де шұғылданады. Бір жағынан, ғалымдар өндірісте озық инновациялық технологияларды игеруге жәрдем берсе, екінші жағынан, студенттер тәжірибе алады, ал магистранттар мен докторанттарымыз ғылыми-зерттеу жұмыстарымен шұғылданады. Жеке шаруа қожалықтарында ғалымдарымыз мал тұқымдарын асылдандыру, оларды бағуда жаңа технологияларды қолдануға байланысты ғылыми тұрғыдан жәрдем беруде.

Елбасы Алматы облысына арнайы іссапармен келгенде «Байсерке Агро» жұмысымен тікелей танысып, онда атқарылып жатқан іс-шараларға оң бағасын берген болатын. Бүгінгі күні университетіміз «ҚазАгроИнновация» АҚ 14 ғылыми-зерттеу институтымен өзара ынтымақтастық нәтижесінде «Байсерке Агро» кешенінде ауылшаруашылық дақылдарының жоғары өнімділігіне қол жеткізді. Атап айтсақ: майбұршақ – 40 ц/га, күздік бидай – 35-40 ц/га, сұлы – 60ц/га дейін, көпжылдық шөптер,

жоңышқа 180 ц/га. Бұл – республика бойынша айтарлықтай жоғары көрсеткіш. Бұған егін егу технологиясын, тамшылатып суаруды кешенді қолдану, егістікті отандық биопрепараттармен өңдеу, өсімдіктерді биологиялық жолмен қорғау (тірі жәндіктерді қолдану), «дрондар» мен метеокешендерді пайдалана отырып, тұрақты мониторинг жүргізу арқылы қол жеткізілді. Сонымен қатар малшаруашылығын дамытуда да үлкен жұмыстар атқарылуда. Мысалы: бір сиырдан 2013 жылы 4600 литр сүт алынды, ағымдағы жылы 6000 литрге қол жеткізу жоспарланған. Бұл көрсеткіш республика бойынша бір сиырдан алынған сүтпен салыстырсақ, 2,7 есе көп. Осы шаралар шетелдік озық технологияларды трансферлеу және ғылыми жетістіктерді тиімді пайдалану арқылы жүзеге асырылып келеді.

**Еліміздегі экономикалық, әлеуметтік-мәдени өзгерістер білім беру саласына өзгерістер енгізіп, мамандар даярлау ісіне ерекше көңіл бөлу қажеттігін талап етеді.**

Жоғары оқу орнының түлегі жоғары деңгейде дамыған, өзгермелі ортаға бейім, алғыр, бәсекеге қабілетті тұлға болуы тиіс. Ең бастысы – сапалы, бүгінгі өндіріс пен ғылымның талабына сай келетін білім қажет. Республикамыздағы қазіргі білім жүйесі осындай күрделі мәселелерді шешуге бағытталған. Демек, елдегі жоғары оқу орындары өз

мамандықтары бойынша әлемнің озық университеттері жинақтаған заманауи білім мен ғылыми тәжірибелерді игеруі тиіс.

Президент тапсырмалары мен білім саласында анықтап берген бағыттарын жүзеге асыру – әр университеттің басты міндеті. Бұл талап ұлттық университеттер ұжымдары үшін тіптен маңызды. Отандық ауылшаруашылық білім-ғылымының қара шаңырағы саналатын Қазақ Ұлттық аграрлық университеті ұжымы Елбасы талаптарына, өзгерген қоғам міндеттеріне сай қызмет етуге ұмтылуда. Алдағы кезеңде ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуда ауқымды міндеттер бар. Осы орайда еліміздің дамыған әлемдік 30 мемлекет қатарына кіру үшін арналған концепциясы білім беретін және ғылыми-зерттеу институттарының жоғары халықаралық деңгейге көтерілуін қажет етеді. Бұл ретте «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты, заманауи жүйедегі білім-ғылымды дамытудың негізгі кілті болып табылады. Елбасы атап өткендей, бүгінгі күні жоғары оқу орындары білім беру қызыметімен шектеліп қалмай, қолданбалы және іргелі зерттеушілік инфрақұрылымдарын құрып, дамыту бағытында жүйелі жұмыстарын атқаруда. Сондықтан мемлекет анықтаған талаптар бойынша интеллектуалды ұлт ретінде қалыптасқан, дамыған Қазақстан қоғамын құру үшін шешілетін міндеттерді айқындап, оларды кезең-кезеңімен жүзеге асыруға әрқайсымыз өзіндік үлес қосуымыз керек.



**АННОТАЦИЯ**

Ректор Казахского национального аграрного университета профессор, вице-президент Национальной академии наук РК Т. Есполов в своей анализирует с высоты задач, поставленных в Стратегии «Казахстан-2050», положение дел в сельскохозяйственной отрасли страны и, исходя из опыта руководимого им вуза, рассказывает о преломлении этих актуальных проблем в деятельности конкретной «кузницы» кадров для нужд современной инновационной экономики.